

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Үшбұрыштар , оның түрлері.

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.11.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/62710/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі: 7.28) Үшбұрыштар Күні: 10.10.2019ж Сынып: 7 «Ә» Сабақтың тақырыбы: Сабаққа негізделген оқу мақсаты</p>	<p>Мектеп: №149 Ә.Монтаев атындағы орта мектеп Мүғалімнің аты-жөні: Қазбек З Қатысқандар: 19 Қатыспағандар: Үшбұрыштар , оның түрлері.</p>
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>7.3.1.5 үшбұрыштың анықтамасын біледі, оның түрлерін ажыратады; Үшбұрыш анықтамасын біледі және есептер шығарады. Үшбұрыш түрлерін ажырата алады , есептер шығарады. Үшбұрыш түрлерінің ерекшеліктерін есептер шығаруда қолдана біледі.</p>
<p>Бағалау критерийі</p>	<p>Үшбұрыш анықтамасын біледі; Үшбұрыш түрлерін анықтай алады Оқушы үшбұрыштың медиана, биссектрисасы, биіктігі дегеніміз не екенін біледі. Кез келген үшбұрыштың медианасын, биссектрисасын, биіктігін салады.</p>
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Негізгі сөздер: -үшбұрыштың элементтері; — қағет, гипотенуза; — табаны, бүйір қабырғасы; — қабырғалар арасындағы бұрыш; — қабырғаға іргелес жатқан бұрыш; — қарсы жатқан бұрыш; Негізгі сөздер мен тіркестер: -сүйір бұрышты, доғал бұрышты, тікбұрышты үшбұрыштар; — теңқабырғалы, теңбүйірлі, қабырғалары әр түрлі үшбұрыштар; Диалог сұрақтары: · Қандай фигураны үшбұрыш деп атайды? · Үшбұрыш қалай белгіленеді? · Үшбұрыштың медианасы дегеніміз не? · Үшбұрыштың периметрі дегеніміз не?</p>
<p>Құндылықтарға баулу</p>	<p>Оқушыларға өз ойларын ашық жеткізуді үйрете отырып, ашықтық құндылығын оқушылар бойында дағды. Оқушыларда өз бетімен жұмыс істеу мәдениетін дамыту, ұйымшылдыққа үйрету, бірін-бірі сыйлау. Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет Оқылған материалға сыни қарау арқылы оқуға құштарлыққа баулу. география</p>
<p>Пәнаралық байланыс Алдыңғы оқу Сабақ барысы Сабақтың жоспарланған кезеңдері</p>	<p>Алғашқы геометриялық мәліметтер: нүкте, түзу, кесінді, бұрыш, перпендикуляр түзулер. Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері Ресурстар</p>
<p>Сабақтың басы 1 минут 5 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен сәлемдесу, олардың сабаққа дайындықтарын қадағалау. Үй тапсырмасын тексеру Өткенді қайталау Үшбұрыш дегеніміз не? Негізгі элементтерін атаңыз. Қабырғаларының ұзындығы бойынша үшбұрыштар қандай түрлерге бөлінеді? Бұрыштары бойынша үшбұрыштар қандай түрлерге бөлінеді? Үшбұрыштың медианасы деген не? Үшбұрыштың биссектрисасы деген не? Үшбұрыштың биіктігі деген не?</p>
<p>4 минут</p>	<p>Кесте</p>

Сабактың ортасы
30 минут

Ой қозғау.
Төмендегі фигуралар ішінен **үшбұрышты** көрсетіңіз

Ой қозғау.
Қандай фигура **үшбұрыш** деп аталады?
Үшбұрыш деп бір түзуге жатпайтын үш нүктеден және осы нүктелерді қос-қостан қосатын үш кесіндіден тұратын фигураны атайды.

Геометрия7 сынып

Нүктелер **үшбұрыштың** төбелері, ал кесінділер қабырғалары деп аталады. Үшбұрыш былай белгіленеді:
 $\triangle ABC$

Үшбұрыштың қабырғаларының белгіленуі

- Үшбұрыштың қабырғаларын латынның кіші әріптерімен белгілейді.

Үшбұрыштың түрлері
1. Қабырғаларының ұзындығы бойынша
2. Бұрыштарының өлшемдері бойынша
Қабырғаларының ұзындықтары бойынша түрлері
1. Тең қабырғалы үшбұрыш
2. Әр қабырғалы үшбұрыш
3. Тең бүйірлі үшбұрыш

10 минут

АКТ қолдану

Тең қабырғалы үшбұрыш—**Анықтама:**
Егер үшбұрыштың барлық қабырғалы тең болса онда ол тең қабырғалы үшбұрыш деп аталады.


Тең бүйірлі үшбұрыш—**Анықтама:**
Егер үшбұрыштың екі қабырғасы тең болса, онда тең бүйірлі үшбұрыш деп аталады.

Тең қабырғалары бүйір қабырғалар деп, ал үшінші қабырғасы - табаны деп аталады.

Әр түрлі қабырғалы үшбұрыш—**Анықтама:**
Егер үшбұрыштың қабырғаларының ұзындығы әр түрлі болса, онда ол әр қабырғалы деп аталады.

$AB=BC=AC$ $AB=BC$
 $AB=BC=AC$

Үшбұрыштың бұрыштық шамасына байланысты түрлері



5 минут

Тік бұрышты бұрышты үшбұрыш	Доғал бұрышты үшбұрыш	Сүйір үшбұрыш
-----------------------------------	--------------------------	------------------

Тік бұрышты үшбұрыш

Анықтама:
Үшбұрыштың бір бұрышы 90° -қа тең болса онда ол тік бұрышты үшбұрыш деп аталады
Тік бұрышқа қарсы жатқан қабырғасы — гипотенуза деп аталады.

Қалған екі қабырғасы -катеттері
Доғал бұрышты үшбұрыш

Анықтама:
Бір бұрышы доғал бұрыш болып келген үшбұрыш доғал бұрышты үшбұрыш деп аталады.

Сүйір бұрышты үшбұрыш

Анықтама:
Барлық бұрыштары сүйір болып келген үшбұрыш сүйір бұрышты үшбұрыш деп аталады.

5мин

Сұрақ — жауап.
• AC қабырғасына қарсы жатқан бұрыш.
• A бұрышына қарсы жатқан қабырға.
• AB қабырғасына іргелес бұрыштарда атаңдар.
• Үлкен қабырға мен үлкен бұрышты атаңдар

№1 Жеке жұмыс:
Берілгені:
 $P \triangle ABC = 24$ см.

Қабырғасын табыңдар.
№2 Жұптық жұмыс:
Берілгені:
 $P \triangle ABC = 24$ см.

Қабырғасын табыңдар.
№3 Жеке жұмыс:
Берілгені:
 $P \triangle ABC = 30$ см.
 $AC = 8$ см

Табу керек: AB.
№4 Жұптық жұмыс:
Берілгені:
 $P \triangle ABC = 18$ см.
 $AB = 4$ см

Табу керек: AC және BC.
Үшбұрыштың түрлерін талдасақ...
Топтық жұмыс

Таратпа қағаздар

5мин

5мин

Сабактың соны 5 минут	2 минут 3 минут	<p>Рефлексия. Қорытынды жасау.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үлкен қабырғасына қарсы үлкен бұрыш, ал кіші қабырғасына қарсы кіші бұрыш. • Үлкен бұрышқа қарсы үлкен қабырға, ал кіші бұрышқа қарсы кіші қабырға жатады. <p>Үй тапсырмасы. Өзін-өзі бағалау парағы (Геометрия оқулығы 7 сынып, 1 бөлім)</p>	
<p>Саралау - Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>		<p>Бағалау - Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p> <p>1. Оқушылардың қажетті білімдерін білу мақсатында ашық сұрақтар беріледі.</p> <p>2. Топтық жұмыс арқылы оқушылардың бірлескен әрекетін бақылау, өзара ұсыныс айту бойынша жетістіктерін айқындау.</p> <p>3. Кері байланыс (ауызша, жазбаша).</p> <p>4. Әр оқушының ОМ жеткендігін анықтау үшін бағалау критерийлерін ұсынамын.</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p>1. Топтық жұмыстар арқылы оқушыларға өзара қолдау, көмек көрсету жүзеге асырылады.</p> <p>2. Барлық оқушыларға оқулықтағы тақырыпты оқып түсінуге тапсырмалары беріледі.</p> <p>3. Сынып оқушыларының басым бөлігіне А деңгейіндегі тапсырмалар ұсынылса, қабілетті жағары оқушыларға В деңгейіндегі тапсырмалар ұсынылады.</p> <p>Рефлексия Сабак оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шараларым тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?</p>			

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.